2026-2027 оқу жылында 11-сыныптарда барлығы 51 оқушы білім алуда: 11 «А» қазақ сыныбы - 12 оқушы, 11 «Ә» қазақ сыныбы - 17 оқушы, 11 «В» орыс сыныбы - 22 оқушы. Құжаттарда ЖМБ қазақ бөлімінде химия, биология; ЖМБ орыс бөлімінде физика, химия; ҚГБ қазақ бөлімінде екінші шетел тілі мен география пәндері тереңдетілген деңгейде көрсетілген.


Кәсіптік бағдар беру жұмыстары

Кәсіптік бағдар беру жұмыстары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі жүргізіледі. 2024-2025 оқу жылында жылдық жоспардағы 49 іс-шараның орындалуы қаралып, негізгі кәсіптік бағдар жұмыстарымен 8-11-сыныптардан шамамен 171 оқушы қамтылды. Мектеп-колледж-ЖОО байланысын күшейту мақсатында 8 серіктес ұйыммен байланыс орнатылып, 12 бірлескен жұмыс өткізілді.

Жұмыс мазмұнына «Мамандықтар жәрмеңкесі», «Ата-ананың жұмыс орнындағы бір күн», «Менің болашақ мамандығым», «Мамандықтар әлемін ашамыз», «Болашаққа сеніммен», мамандармен кездесулер, ашық есік күндері, өндіріс орындарына және колледждерге экскурсиялар, кәсіби кеңестер мен психологиялық тренингтер енгізілді.

талаптарының сақталмауы-на әкелмейді	
МЖМБС талаптарына сәй-кес келмейді	2

Оқу жылы	Бағдар жұмыстары	Бейіналды жұмыстар	Бейінді жұмыстар
2024-2025	10	9	13
2025-2026	11	12	15
2026-2027	1	1	1



1-диаграмма. Кәсіптік бағдар және бейіндік жұмыстардың үш оқу жылындағы динамикасы

Психологиялық-педагогикалық диагностика


2024-2025 оқу жылында 9-сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына бағытталған Е.А.Климовтың дифференциалды-диагностикалық сауалнамасы, «Профиль», «Қызығушылықтар картасы», Майерс-Бриггс әдістемелері қолданылды. Е.А.Климов диагностикасына 35 оқушы қатысып, шамамен 41%-ы жаратылыстану-техникалық, 33%-ы қоғамдық-гуманитарлық, 26%-ы шығармашылық және қызмет көрсету бағыттарына қызығушылық танытты. 11-сынып оқушылары «KASIP NEST» автоматтандырылған кәсіби диагностикалау жұмыстарына қатысты. Диагностика нәтижелері оқушылармен, сынып жетекшілерімен және ата-аналармен талқыланып, кәсіби таңдауы нақтыланбаған білім алушыларға жеке кеңестер берілді.

9-сынып түлектерінің орналасуы

2024-2025 оқу жылында 9-сыныпты 80 оқушы аяқтады. Оның 24-і колледжге түсіп, 56 оқушы мектепте оқуын жалғастырды. Колледжге түсу үлесі 30,0%, мектепте қалғандар үлесі 70,0% болды.

2025-2026 оқу жылында 9-сыныпты 62 оқушы аяқтап, 21 оқушы колледжге түсті, 41 оқушы мектепте қалды. Колледжге түсу үлесі 33,9%, мектепте қалғандар үлесі 66,1% болды. 2026-2027 оқу жылында 9-сыныптарда қазіргі уақытта 72 оқушы білім алуда: 9 «А» - 22, 9 «Ә» - 26, 9 «В» - 24 оқушы.

Оқу жылы	Барлық түлек/оқушы	Колледж	Мектепте қалды	Колледж үлесі
2024-20 5	80	24	56	30,0%
2025-2026	62	21	41	33,9%
2026-2027	72 (ағымдағы)	-	-	-




2-диаграмма. 9-сынып түлектерінің орналасу көрсеткіштері

11-сынып түлектерінің орналасуы

2024-2025 оқу жылында 11-сыныпты 52 оқушы аяқтады. Қорытынды орналасу есебі бойынша 45 түлек жоғары оқу орнына, 5 түлек арнаулы оқу орнына түсті, 1 түлек жұмысқа орналасты, 1 түлек дайындық курсына түсті. ЖОО-ға түсу үлесі 86,5% болды. 2025-2026 оқу жылында 66 түлек мектеп бітірді: 47 түлек жоғары оқу орнына, 11 түлек арнаулы оқу орнына түсті, 6 түлек жұмысқа орналасты, 1 түлек денсаулығына байланысты оқуға түспеді және 1 түлек дайындық курсына түсті. 2026-2027 оқу жылында 11-сыныптарда 51 оқушы білім алуда, олардың қорытынды орналасуы оқу жылы аяқталғаннан кейін нақтыланады.

Оқу жылы	Барлық түлек	ЖОО	Колледж	Жұмыс	Басқа
2024-2025	52	45	5	1	Дайындық курсы - 1
2025-2026	66	47	11	6	Денсаулығы бойынша - 1; дайындық курсы - 1
2026-2027	51 (ағымдағы)	-	-	-	-




3-диаграмма. 11-сынып түлектерінің орналасу динамикасы

ҰБТ нәтижелері және мемлекеттік білім гранты


2024-2025 оқу жылында 52 түлектің 48-і ҰБТ-ға қатысты, қатысу көрсеткіші 92,3% болды. Орташа балл - 81,7, ең жоғары балл - 124, ең төменгі балл - 50. 8 түлек 100 және одан жоғары балл жинады. 41 түлек мемлекеттік білім гранты конкурсына қатысты, 21 түлек мемлекеттік білім грантын иеленді.

2025-2026 оқу жылында 66 түлектің 51-і ҰБТ-ға қатысып, қатысу көрсеткіші 77,3% болды. Орташа балл - 82, ең жоғары балл - 119, ең төменгі балл - 50. 11 түлек 100 және одан жоғары балл жинады. Мемлекеттік грант конкурсына 39 түлек қатысып, 21 түлек мемлекеттік білім грантын иеленді.

Көрсеткіш	2024-2025	2025-2026
Бітірушілер саны	52	66
ҰБТ-ға қатысқандар	48	51
Қатысу көрсеткіші	92,3%	77,3%
Орташа балл	81,7	82
Ең жоғары балл	124	119
100+ балл	8	1
Грант конкурсына қатысқандар	41	39
Грант иегерлері	21	21



4-диаграмма. ҰБТ-ға қатысу және орташа балл динамикасы



5-диаграмма. Грант конкурсына қатысу және грант иелену көрсеткіштері

Қорытынды

Мектепте бейіндік оқыту білім алушылардың қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескере отырып, жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда ұйымдастырылған. Үш оқу жылының мәліметтері кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жүйелі жүргізілетінін, психологиялық диагностика, ата-аналармен жұмыс, оқу орындарымен және әлеуметтік серіктестермен байланыс тұрақты жолға қойылғанын көрсетеді.

9-сынып түлектерінің колледжге түсу үлесі 2024-2025 оқу жылындағы 30,0%-дан 2025-2026 оқу жылында 33,9%-ға артқан. 11-сынып түлектерінің басым бөлігі жоғары және арнаулы оқу орындарында білімін жалғастырған. ҰБТ бойынша орташа балл 81,7-ден 82 балға дейін тұрақты деңгейде сақталған. 2026-2027 оқу жылында кәсіптік бағдар, бейіналды және бейіндік жұмыстарды жалғастыру, 9 және 11-сынып оқушыларының кәсіби таңдауын диагностикалау, ЖОО және колледждермен байланысты күшейту негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

Бейінді оқытудың жоспары сілтемесі

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыру

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілеріне, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына, арнайы білім беру жағдайларын ұйымдастыру және білім беру ұйымдарын жабдықтау талаптарына сәйкес жүзеге

	асырылады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығына, 2026 жылғы 29 мамырдағы №144-НҚ бұйрығымен енгізілген жаңа редакцияға сәйкес ұйымдастырылады. Қызметтің негізгі мақсаты – білім алушылардың тәрбиелеу мен оқытудағы қиындықтарын уақтылы анықтау, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және психологиялық әл-ауқаты үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі диагностикалық, консультативтік, түзете-дамыту, психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттарды қамтиды. Қажеттілігіне қарай жеке қолдау бағдарламалары, жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары әзірленіп, педагогтерге және ата-аналарға консультациялық-әдістемелік көмек көрсетіледі. Қолдау нәтижелері жүйелі мониторинг арқылы талданып, білім алушының даму динамикасына сәйкес қолдау мазмұны мен көлемі нақтыланады. ППҚҚ құрамына білім беру ұйымы басшысының орынбасарлары, педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер, арнайы педагогтер, педагог-ассистенттер және педагог-кәсіби бағдар берушілер енгізіледі. Білім алушыға сабақ беретін педагогтер, сынып жетекшілері және ата-аналар қажеттілігіне қарай командалық жұмысқа тартылады. Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға сапалы және қолжетімді білім беру, олардың жеке мүмкіндіктері мен психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып оқу процесіне толыққанды қатысуына жағдай жасау мақсатында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылған. ЕББҚ бар білім алушыларды оқытуды ұйымдастырудың негізгі құжаты ретінде ПМПК қорытындылары мен ұсынымдары басшылыққа алынады. ПМПК ұсынымдарына сәйкес оқу бағдарламасының түрі, оқу тапсырмаларының көлемімен күрделілігі, бағалау тәсілдері, арнайы мамандардың қолдауы және педагог-ассистент көмегінің қажеттілігі айқындалады. Мектепте ЕБҚ бар оқушыларға арнайы Инклюзияны қолдау кабинеті (ИҚК) қарастырылған. Сондай-ақ, бұл оқушыларға педагог- психологтар, дефектолог, педагог-логопед, педагог-ассистент, әлеуметтік педагогтерде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметін көрсетеді. Мектеп психологі, дефектолог және логопед тарапынан оқушылармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының арнайы кестесі әзірленді. Мамандар бекітілген кестеге сәйкес оқушылармен жеке және топтық түрде қосымша жұмыстар жүргізді. Мектепте ЕБҚ бар балаларды оқыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады. ПМПК ұсынымдарына сәйкес сабақтар мектеп директоры бекіткен (баланың диагнозын ескере отырып) қысқартылған (бейімделген) бағдарламалар бойынша жүргізіледі. Сабақты жоспарлауда ЕБҚ бар оқушыларға пән мұғалімдері ҚМЖ-ларында бейімделген тапсырмалар жазылады. *Жұмыс жоспарлары, мониторинг сілтемесі*		

13	**Вариативтік компонентті, оның ішінде элективтік курстар мен факультативтік сабақ-тарды ҮОЖ сәйкес іске асыру** ***ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын таңдау курстары мен вариативтік компонент факультативтерін жүзеге асыру*** **2024-2025 оқу жылында** вариативті компонент және таңдау курстары бойынша мемлекеттік тілде оқытатын сыныптарда бастауыш буында 1-сыныптарда 1сағаттан «Көркем жазу», 2-сыныптарда 2 сағаттан «Ғажайып математика», «Логика», 3-сыныптарда 1 сағаттан «Ғажайып математика», 4-сынып 1 сағаттан «Ғажайып математикадан» таңдау бойынша сабақ өткізілді. 1-сынып бойынша: «Көркем жазу» Мақсаты: Оқушылардың әліппе пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың көркем жазуын қалыптастыруға жағдай жасау. Көрнекі-бейнелі ойлауды қалыптастыру. 2-сынып бойынша: «Ғажайып математика» Мақсаты:Оқушылардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу. «Логика». Мақсаты: Оқушылардың танымдық қызушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу. 3-сынып бойынша: «Ғажайып математика». Мақсаты:оқушылардың математикаға деген қызығушылын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл-ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты нәтижелі білім алуға бағыттау. 4-сынып бойынша : «Ғажайып математика». Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру . Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттыру. Ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған математиканың базистік негізін сапалы игеруді қамтамасыз ету. 1 – 4 сыныптарға вариативтік компоненттен «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» 1 сағаттан оқытылды. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарында «Жаһандық құзыреттілік» курсы жүргізіледі.	вариативтік компонент жұ-мыс оқу жоспарында то-лық көзделген және іске асырылады: барлық элек-тивтік курстар мен факуль-тативтік сабақтар үлгілік оқу жоспарларына сәйкес өткізіледі	5
		вариативтік компонент жұ-мыс оқу жоспарында көз делген, бірақ курстардың /факультативтердің бір бө-лігі іске асырылмайды	4
		вариативтік компонент жұ-мыс оқу жоспарында іші-нара көрсетілген немесе курстар тізбесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес кел-мейді	3
		вариативтік компонент жоқ немесе іске асырыл-майды	2

	Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі: • 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17сағат • 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат 10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттілік» курсы жүргізіледі. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру «Жаһандық құзыреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқужүктемесінің көлемі 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат. Бастауыш білім беру деңгейінің оқу жұмыс жоспарының вариативті компонентіндегі «Дамыту сипаттағы жеке және топтық сабақтар» бағдарламалары 31.08.2023 жылғы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. **2025-2026 оқу жылында** вариативті компонент және таңдау курстары бойынша мемлекеттік тілде оқытатын сыныптарда бастауыш буында 1-сыныптарда 1 сағаттан «Қызықты математика», 2-сыныптарда 2 сағаттан «Қызықты математика», «Қызықты граматика», 3-сыныптарда 1 сағаттан «Қызықты математика», 4-сынып 1 сағаттан «Қызықты математика» таңдау бойынша сабақ өткізілді. 1-сынып бойынша: «Қызықты математика» Мақсаты: Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау. Абстрактылы ойлауды қалыптастыру. 2-сынып бойынша: «Қызықты математика» Мақсаты: Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу. «Қызықты грамматика» Мақсаты : Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау, оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап , қорытынды жасауға бейімдеу 3- сынып бойынша; « Қызықты математика» Мақсаты : Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл-ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты нәтижелі білім алуға бағыттау. 4- сынып бойынша:		

	«Қызықты математика» Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын , ынтасын арттыру. Ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған математиканың базистік негізін сапалы игеруді қамтамасыз ету. Көрнекі – бейнелі, логикалық және абстрактлы ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасау. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарында «Жаһандық құзіреттілік» курсы жүргізіледі. Курстың мақсаты; бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзіреттерге ие тұлғаны қалыптастыру «Жаһандық құзіреттік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі; 5-8 – сыныптарда – 0,5 сағат (екі аптада бір рет) оқу жылында 17 сағат 9 – сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат 10-11 сыныптардағы «Жаһандық құзіреттілік» курсы жүргізіледі Курстың мақсаты : бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзіреттерге ие тұлғаны қалыптастыру. «Жаһандық құзіреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі: 10-11 сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат. «Жаһандық құзіреттілік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі; 10-11 сыныптарда аптасына 1 рет , оқу жылында 34 сағат . Инвариантты компоненттен таңдау бойынша қазақ бөлімінде 7 сыныптарда алгебра 1 сағат, география 1 сағат, физика 1 сағаттан; 8 сыныптарда география 1 сағат, алгебра 1 сағат, химия 1 сағат; 9 сыныптарда биология 1 сағат, география 1 сағат, тарих 1 сағаттан; орыс бөлімінде 7 сыныптарда алгебра 1 сағат, қазақ тілі 1 сағат, физика 1 сағаттан; 8 сыныптарда орыс тілі 1 сағат, алгебра 1 сағат, информатика 1 сағат; 9 сыныптарда физика 1 сағат, информатика 1 сағат, алгебра 1 сағаттан өткізілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағытта таңдау пәндері соның ішінде инварианттық компаненттен таңдау пәндері бойынша 10 сыныптар алгебра 1 сағаттан, физика 1 сағаттан, қазақ тілі 1 сағаттан; 11 сыныптар алгебра 1 сағаттан, физика 1 сағаттан, қазақ тілі 1 сағаттан өткізілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану –математикалық бағыт бойынша таңдау пәндері соның ішінде 10 сыныптар инвариантық компаненттен таңдау пәндері бойынша 10 сыныптар география 1 сағаттан, алгебра 1 сағаттан, информатика 1 сағаттан; 11 сыныптар география 1 сағаттан, алгебра 1 сағаттан, биология 1 сағаттан, элективті курстар бойынша 10 сынып қа физика 1 сағаттан, 11 сынып қа қазақ тілі (оқу сауаттылығы) 1 сағаттан өткізілді. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану –математикалық бағыт бойынша таңдау пәндері соның ішінде 10 сыныптар инвариантық компаненттен таңдау пәндері бойынша 10 сыныптар дүние жүзі тарихы 1 сағаттан, биология 1 сағаттан, география 1 сағаттан; 11 сыныптар география 1 сағаттан,		

	физика 1 сағаттан, қазақ тілі (оқу сауаттылығы) 1 сағаттан өткізілді. **2026-2027 оқу жылында** вариативті компонент және таңдау курстары бойынша мемлекеттік тілде оқытатын сыныптарда бастауыш буында 1-сыныптарда 1 сағаттан «Қызықты математика», 2-сыныптарда 2 сағаттан «Қызықты математика», «Қызықты граматика», 3-сыныптарда 1 сағаттан «Қызықты математика», 4-сынып 1 сағаттан «Қызықты математика» таңдау бойынша сабақ өткізілді. 1-сынып бойынша: «Қызықты математика» Мақсаты: Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын, ынтасын арттырумен қатар олардың математикалық сауаттылығын қалыптастыруға жағдай жасау. Абстрактылы ойлауды қалыптастыру. 2-сынып бойынша: «Қызықты математика» Мақсаты: Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға бейімдеу. «Қызықты грамматика» Мақсаты : Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен ақыл ой деңгейін қалыптастыруға жағдай жасау, оқу курсының мазмұны арқылы пайымдау, логикалық ойлау, өз бетінше шешім қабылдап , қорытынды жасауға бейімдеу 3- сынып бойынша; « Қызықты математика» Мақсаты : Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл-ойын кеңейту, логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру, жүйелі түрде өздіктерінен табысты нәтижелі білім алуға бағыттау. 4- сынып бойынша: «Қызықты математика» Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушылардың математика пәніне қызығушылығын , ынтасын арттыру. Көрнекі – бейнелі, логикалық және абстрактлы ойлауды қалыптастыру, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны игеруге практикалық негіз жасау. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарында «Жеке қауіпсіздік» курсы жүргізіледі. Курстың мақсаты: білім алушылардың күнделікті өмірде кездесетін қауіп-қатерлерді алдын ала танып, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өз өмірі мен денсаулығын, сондай-ақ айналасындағы адамдардың қауіпсіздігін сақтауға жауапкершілікпен қарауға тұлғаны қалыптастыру . «Жеке қауіпсіздік» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі: 5 - 8 – сыныптарда – 0,25 сағат (төрт аптада бір рет) оқу жылында 9 сағат; 9 – сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат;		

	10 - 11 сыныптарда – аптасына 0,5 сағат, оқу жылына 17 сағат. «Конституция негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі: 5 - 7 – сыныптарда – 0,25 сағат (төрт аптада бір рет) оқу жылында 9 сағат; «Заң және тәртіп» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі: 8 – сыныптарда – 0,25 сағат (төрт аптада бір рет) оқу жылында 9 сағат; 9 – сыныпта – аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 17 сағат; 10 - 11 сыныптарда – аптасына 0,5 сағат, оқу жылына 17 сағат. Вариативтік компненттен элективті курстар оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану – математикалық бағыт бойынша 10 сыныпта тарих 1 сағаттан, биология 1 сағаттан, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 10 сыныпта қазақ тілі 1 сағаттан бекітілді. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану –математикалық бағыт бойынша таңдау пәндері соның ішінде 11 сыныптар элективті курстар бойынша физика 1 сағаттан өткізіледі. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану –математикалық бағыт бойынша таңдау пәндері соның ішінде 11 сыныптар инварианттық компанентттен таңдау пәндері бойынша 11 сыныптар дүние жүзі тарихы 1 сағаттан, биология 1 сағаттан, география 1 сағаттан өткізіледі. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағытта таңдау пәндері соның ішінде 11 сыныптар инварианттық компанентттен таңдау пәндері бойынша 11 сыныптар алгебра 1 сағаттан, физика 1 сағаттан, қазақ тілі 1 сағаттан өткізіледі. Мектепте вариативтік компонент Қазақстан Республикасы Білім министрінің қолданыстағы нормативтік талаптарына және үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Вариативтік компонент шеңберінде білім алушылардың білім беру қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, элективті курстар мен факультативтік сабақтар ұйымдастырылды. Элективті курстар мен факультативтік сабақтардың мазмұны білім алушылардың пәндік білімдерін тереңдетуге, практикалық дағдыларын дамытуға, функционалдық сауаттылығын арттыруға және олардың жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Вариативтік компонент бойынша оқу жүктемесі белгіленген талаптарға сәйкес бөлініп, сабақтардың жүргізілуі оқу кестесінде көрсетілген. Курстар мен факультативтік сабақтардың өткізілуі электрондық журналда тіркеліп, білім алушылардың қатысуы мен оқу жетістіктері бақылауда ұсталды. Элективті курстар мен факультативтік сабақтар білім алушылардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып жоспарланып, оқу кестесіне енгізілген және белгіленген тәртіппен жүргізілді. Вариативтік компоненттің іске асырылуы оқу бағдарламалары, сабақ кестесі және электрондық журнал арқылы қамтамасыз етілді. Жалпы алғанда, мектепте ҮОЖ-ға сәйкес вариативтік компонентті енгізу қамтамасыз етілген, элективті курстар мен факультативтік сабақтар белгіленген талаптарға сәйкес жоспарланып, оқу-тәрбие процесіне жүйелі түрде енгізілген. Биылғы 2026-2027 оқу жылында да вариативтік компонент бойынша оқу жүктемесі белгіленген талаптарға сәйкес бөлініп, сабақтардың жүргізілуі оқу кестесінде көрсетілген. Вариативтік компоненттің		

	іске асырылуы оқу бағдарламалары, сабақ кестесі және электрондық журнал арқылы қамтамасыз етілді.		
14	**«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын оқытудың талаптарға сәйкестігі** ***"Тіршілік қауіпсіздігі негіздері" міндетті оқу курсын оқу*** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының мазмұны оқу пәндері шеңберінде кіріктіріліп жүзеге асырылады. Мектепте аталған курстың мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру деңгейлеріне сәйкес оқу пәндерінің мазмұнына енгізіліп, оқу процесі барысында жүйелі түрде оқытылады. Курсты іске асыру барысында білім алушыларға төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, тұрмыстық қауіпсіздік, алғашқы көмек көрсету, қауіптің алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары қалыптастырылады. Курстың оқытылуы пәндердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларында қамтылып, сабақ барысында тиісті тақырыптар арқылы жүзеге асырылады. Курстың орындалуы педагогтердің оқу жоспарлары, сабақ жоспарлары және электрондық журнал арқылы бақыланады. **2024–2025 оқу жылында** «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» курсы жеке пән ретінде емес, басқа оқу пәндерінің құрамына кіріктіріліп оқытылды. 2024–2025 оқу жылына арналған мектептердің өзін-өзі бағалау материалдарында мынадай тәртіп көрсетілді. **Сынып** / **Кіріктірілген пән** / **Жылдық көлемі** 1–3 сынып / «Дүниетану» / 6 сағаттан 4 сынып / «Дүниетану» / 10 сағат 5–9 сынып / «Дене шынықтыру» / 15 сағаттан 10 сынып / «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) / 12 сағат 11 сынып / «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД) / 12 сағат **2025–2026 оқу жылында** «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы жеке пән ретінде емес, тиісті оқу пәндерінің құрамында кіріктіріліп оқытылды. 2025–2026 оқу жылына арналған мектептердің өзін-өзі бағалау материалдарында да осы тәртіп көрсетілді. Бастауыш сыныптар бойынша №348 бұйрықтағы МЖМБС талаптарында «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» курсы 1–4 сыныптарда міндетті екені және оның «Дүниетану» пәні шеңберінде іске	курс мазмұны жоспарла-уда көрсетілген және то-лық көлемде іске асырыла-ды курс мазмұны жоспарла-уда көрсетілген және іске асырылады; курстың то-лық іске асырылуына әсер етпейтін болмашы ұйым-дастырушылық ауытқулар бар курсты ұйымдастыруда және іске асыруды рәсім-деуде жекелеген ауытқу-лар анықталған, олар оның мазмұны мен көле-міне қойылатын талаптар-дың сақталмауына әкел-мейді міндетті оқу курсы іске асырылмайды немесе оның мазмұны мен көле-міне қойылатын талаптар-ды бұза отырып іске асы-рылады	5 4 3 2

асырылатыны нақты көрсетілген: 1–3 сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағат.

5–9 сыныптарда курс «Дене шынықтыру» пәнінің аясында жылына 15 сағат көлемінде жүргізіледі. 2025–2026 оқу жылына арналған өзін-өзі бағалау құжатында бұл талап тікелей көрсетілген.

10–11 сыныптарда курс «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні аясында іске асырылады. 2025–2026 оқу жылына қатысты мектеп құжаттарында 10-сыныпқа 12 сағат, ал 11-сыныпқа 16 сағат көрсетілген.

Сынып	**Кіріктірілген пән**	**Жылдық көлемі**
1–3 сынып	«Дүниетану»	6 сағаттан
4 сынып	«Дүниетану»	10 сағат
5–9 сынып	«Дене шынықтыру»	15 сағаттан
10 сынып	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД)	12 сағат
11 сынып	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (АӘТД)	16 сағат

2026–2027 оқу жылында білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспарлары мен 2026–2027 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

5–9 және 10–11-сыныптарда «Жеке қауіпсіздік» курсы енгізіліп, оның мазмұны білім алушылардың қоғамдық және цифрлық ортадағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, қауіпті және қиын жағдайларды анықтауға және қажетті жағдайда көмекке жүгінуге бағытталды.

10–11-сыныптарда қауіпсіздікке қатысты мазмұн «Бастапқы әскери даярлық» пәнінің бағдарламасына да кіріктірілді. Атап айтқанда, азаматтық қорғаныс, алғашқы көмек, қауіпсіз мінез-құлық және өмір қауіпсіздігі бағыттары қарастырылған.

Курстар мен қауіпсіздік мазмұны оқу процесіне сәйкес жоспарланып, білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып іске асырылады.

«Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» міндетті оқу курсының мазмұнын іске асыру қамтамасыз етілген және оның оқытылуы қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды.

15	**«Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсын іске асырудың талаптарға сәйкестігі** ***"Жол қозғалысы ережелері" міндетті оқу курсын жүзеге асыру*** **2024–2025 оқу жылында** «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды. Аталған бұйрықтың 2-қосымшасының 26-тармағына сәйкес 1–4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта өткізілді. Курстың тақырыптары мен өткізілу мерзімдері сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарларында көрсетілді. 3-қосымшаның 38-тармағына сәйкес 5–8-сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақытта және сынып сағаттары есебінен әр сыныпта 10 сағат көлемінде жүргізілді. Сабақтардың тақырыптары мен өткізілген күндері сынып журналының жеке бетінде тіркелді. Курсты іске асыру барысында білім алушыларға жол қозғалысының негізгі ережелері, жол белгілері мен таңбалары, жаяу жүргіншілердің, велосипедшілердің және қоғамдық көліктегі жолаушылардың қауіпсіздік ережелері, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және жарақаттанған жағдайда алғашқы көмек көрсету бойынша түсініктер берілді. **2025–2026 оқу жылында** «Жол қозғалысы ережелері» міндетті оқу курсы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес ұйымдастырылды. №348 бұйрықтың 2-қосымшасының 2-тарауы 26-тармағына сәйкес 1–4 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта өткізілді. Курстың тақырыптары мен өткізу мерзімдері сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарларында көрсетілді.	курс мазмұны белгіленген көлемде іске асырылады; сабақ тақырыптары мен күндері тіркелген; өткізі-луі расталған курс мазмұны белгіленген көлемде іске асырылады; сабақтарды рәсімдеуде немесе тіркеуде болмашы ауытқулар бар курсты ұйымдастыруда және іске асыруды рәсім-деуде жекелеген ауытқу-лар анықталған, олар оның мазмұны мен көле міне қойылатын талаптар-дың сақталмауына әкел-мейді курс іске асырылмайды немесе оның мазмұны мен көлеміне қойылатын та-лаптарды бұза отырып іс-ке асырылады	5 4 3 2

Сыныптар	**Курстың өткізілуі**	**Көлемі**
1–4 сыныптар	Сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта	6 сағат
5–8 сыныптар	Сыныптан тыс уақытта және сынып сағаты есебінен	10 сағат
9–11 сыныптар	№348 бұйрықтағы осы курс бойынша көрсетілген көлемге кірмейді	—

№348 бұйрықтың 3-қосымшасының 2-тарауы 38-тармағына сәйкес 5–8 сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы әр сыныпта 10 сағат көлемінде сыныптан тыс уақытта және сынып сағаты есебінен жүргізілді. Курстың тақырыптары мен өткізілген күндері сынып журналында тіркелді.

Курсты өткізу барысында білім алушылардың жолдағы қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға, жол қозғалысы ережелерін сақтауына, жол белгілері мен таңбаларын ажыратуына, жаяу жүргінші және жолаушы ретіндегі қауіпсіздік талаптарын меңгеруіне бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Сыныптар	**Оқу курсы**	**Жылдық көлемі**	**Өткізу тәртібі**
1–4 сыныптар	«Жолда жүру ережелері»	6 сағаттан	Сынып сағаты және сабақтан тыс уақытта
5–8 сыныптар	«Жол қозғалысы ережелері»	10 сағаттан	Сынып сағаты және сабақтан тыс уақытта

2026–2027 оқу жылында арналған Әдістемелік нұсқау хатта қауіпсіздік мәселелері жаңартылған мазмұнда қарастырылған. Атап айтқанда, 5–9-сыныптарға «Жеке қауіпсіздік» курсы енгізіледі, оның мазмұнына жол қозғалысы ережелері, балалардың қауіпсіздігі, қоғамдық орындардағы және жеке қауіпсіздік мәселелері кіреді. Бұл туралы 2026–2027 оқу жылына арналған ӘНХ материалдарында көрсетілген.

Яғни 5–9-сыныптар үшін 2026–2027 оқу жылында жол қозғалысы қауіпсіздігі бұрынғыдай жеке «Жол қозғалысы ережелері» 10 сағаттық курсы ретінде емес, «Жеке қауіпсіздік» курсының мазмұнына енгізіледі. «Жеке қауіпсіздік» пәні сабақ кестесіне енгізілетіні және оның ішінде жол қозғалысы ережелері оқытылады.

Ал 1–4 сыныптар бойынша, №348 бұйрықтағы негізге алынды. Бұрынғы қолданыстағы норма бойынша 1–4 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» курсы әр сыныпта 6 сағаттан, сынып сағаттары және сабақтан тыс уақытта жүргізілген. Бұл талап №348 бұйрықтың бастауыш білімге қатысты қосымшасында көрсетілген.

Сондықтан 2026–2027 оқу жылынада

Сынып	**2026–2027 оқу жылындағы жол қауіпсіздігі мазмұны**
1–4 сынып	«Жолда жүру ережелері» – №348 бұйрық талаптарына сәйкес 6 сағаттан
5–9 сынып	«Жеке қауіпсіздік» курсының құрамында, оның

	ішінде жол қозғалысы ережелері
10–11 сынып	Қауіпсіздік мазмұны тиісті оқу пәндері мен тәрбие жұмысы шеңберінде

2026–2027 оқу жылында білім алушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша білімдері мен дағдыларын қалыптастыру жұмыстары қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге және 2026–2027 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

1–4-сыныптарда «Жолда жүру ережелері» курсының мазмұны сынып сағаттары және сабақтан тыс уақыт есебінен әр сыныпта 6 сағаттан іске асырылады.

5–9-сыныптарда жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты мазмұн «Жеке қауіпсіздік» курсының құрамында қарастырылады. Курс мазмұнына жол қозғалысы ережелерімен қатар жеке және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік, қауіп-қатердің алдын алу және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру бағыттары енгізілген.

2026–2027 оқу жылында білім алушыларға жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша білім беру жұмыстары қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылды.

16	**МЖМБС-да белгіленген білім алушылардың апталық және жылдық оқу жүктемесі-нің ең жоғары көлеміне, оның ішінде инвариантты және вариативті компоненттерге қойылатын талаптардың сәйкестігі және сақталуы** ***Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы; инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымдары үшін — түзету) құрамдастарын қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҮОЖ белгілеген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы*** Білім алушылардың апталық және жылдық оқу жүктемесін ұйымдастыру барысында инвариантты және вариативті компоненттердің көлемі ескеріліп, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен белгіленген талаптардың сақталуы қамтамасыз етіледі. Оқу жүктемесі білім алушылардың білім беру деңгейіне, сыныптарына және оқу жоспарына сәйкес белгіленіп, оқу жылы бойы жүйелі түрде бақылауда ұсталады. Мектепте білім алушылардың оқу жүктемесін жоспарлау кезінде Үлгілік оқу жоспарының талаптары басшылыққа алынып, міндетті пәндер бойынша инвариантты компонент және білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеретін вариативті компонент қарастырылады. Апталық және жылдық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің белгіленген нормативтерден аспауына ерекше назар аударылады. Оқу жүктемесінің сақталуы жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі, тарификация, электрондық журнал	оқу жүктемесі МЖМБС және үлгілік оқу жоспарла-рының талаптарына сәй-кес келеді	5
		оқу жүктемесі МЖМБС та-лаптарына сәйкес келеді; белгіленген көлемнің ар-туына және оқу жоспары құрылымының бұзылуына әкелмейтін болмашы ұй-ымдастырушылық ауытқу-лар бар	4
		оқу жүктемесін рәсімде-уде және есепке алуда же-келеген ауытқулар анық-талған, олар МЖМБС та-лаптарының сақталмауына әкелмейді	3
		оқу жүктемесі МЖМБС және үлгілік оқу жоспарла-рының талаптарына сәй-кес келмейді	2

	және оқу процесінің ұйымдастырылуын бақылау арқылы қамтамасыз етіледі. **2024– 2025 оқу жылының жұмыстық оқу жоспарлары** келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады: - «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); - «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 08.02.2024 ж. №27; 30.09.2022 ж. №412 ; 18.08.2023 ж. №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; - «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен; - «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялықталаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан РеспубликасыДенсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы. - 31.08.2024 жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен –«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімберудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы)ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 № 264 11,12,13,14 -қосымшалары, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 13, 14-қосымшалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 08ақпан № 27 бұйрығының 6, 7-қосымшалары, таңдап алынды. 1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 6-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына, 11-қосымша - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 7-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 12-қосымша - оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 13-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 16-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 14-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500		

	бұйрығына 17-қосымша - оқыту орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 22-қосымша (12-қосымша) - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 24-қосымша (14-қосымша) - Оқыту орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 21-қосымша (11-қосымша) - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 23-қосымша (13-қосымша) - Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары; 9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары; 10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 4-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 4-қосымша - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары; 11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 57-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 57-қосымша - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша үйде оқитын білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары; 12. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 57-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 57-қосымша - Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша үйде оқитын білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары. Бастауыш білім берудің оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (1 «А», 1 «Ә», 2 «А», 2 «Ә», 2 «Б», 3 «А», 3 «Ә», 3 «Б», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б») сыныптары, оқыту орыс тілінде жүргізілетін (1 «В», 1 «Г», 2 «В», 2 «Г», 3 «В», 3 «Г», 4 «В», 4 «Г») сыныптары үшін инварианттық компонентке оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға барлығы 253, орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға барлығы 185 апталық сағат бөлінген. Вариативтік компонентке оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 14		

	сағат, оның ішінде белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 14 сағат, ал оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 1 сағат, оның ішінде белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 1 сағат бөлінген Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бірінші сыныптар үшін 19,5 (20,5) сағаттан, екінші сыныптар үшін 24 (24) сағаттан, үшінші 26 (26) және төртінші сыныптар үшін 26 (27) сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 267 (195) сағат. Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (5 «А», 5 «Ә», 5 «Б», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б», 7 «А», 7 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9 «Ә», 9 «Б») сыныптар, оқыту орыс тілінде жүргізілетін (5 «В», 6 «В», 6 «Г», 7 «В», 8 «В», 8 «Г», 9 «В», 9 «Г») сыныптар үшін инвариантық компонентке барлығы қазақ бөлімі үшін - 417 (орыс бөлімі үшін - 198) апталық сағат бөлінген. Вариативтік компонентке 51 (орыс бөлімі үшін – 25,5) сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курстарына 9 (орыс бөлімі үшін – 4,5) сағат, инвариантты компоненттен таңдау пәндері сабақтарына 27 (орыс бөлімі үшін - 12) сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 15 (орыс бөлімі үшін - 7) сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бесінші және алтыншы сыныптар үшін 28,5 (орыс бөлімі үшін - 29,5) сағаттан, жетінші сыныптар үшін 32,5 (орыс бөлімі үшін - 32,5) сағаттан, сегізінші сыныптар үшін 32,5 (орыс бөлімі үшін - 32,5) сағаттан, тоғызыншы сыныптар үшін 34 (орыс бөлімі үшін - 35) сағаттан берілген. Жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (11 «А», 10 «А») сыныптары, оқыту орыс тілінде жүргізілетін (11 «В», 10 «В») сыныптары үшін инвариантық компонентке қазақ бөлімі үшін барлығы апталық -56 сағат, орыс бөлімі үшін барлығы апталық 58 сағат, вариативтік компонентке 12 (орыс бөлімі үшін - 10) сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 2 (орыс бөлімі үшін - 2) сағат, инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндерге 6 (орыс бөлімі үшін - 6) сағат, элективтік курстарға 2 (орыс бөлімі үшін - 0) сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 2 (орыс бөлімі үшін -2) сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10-11 сыныптар үшін 34 (орыс бөлімі үшін - 34) сағаттан берілген. Жалпы апталық сағат саны – 68 (орыс бөлімі үшін - 68) Жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 10 «Ә», 11 «Ә» сыныптары үшін инвариантық компонентке барлығы апталық 56 сағат, вариативтік компонентке 10 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 2 сағат, инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндерге 6 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 2 сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10-11 сыныптар үшін 33 сағат берілген. Жалпы апталық сағат саны – 66. **2025-2026 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарлары** мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылды. Тәрбие-білім беру процесін жоспарлау және жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым		

министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы басшылыққа алынды.

2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатта мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру кезінде Стандартты, Үлгілік оқу жоспарларын және Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру көзделген.

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру процесін жоспарлау мен жүзеге асыру барысында педагогтердің құжаттары, перспективалық жоспарлары, циклограммалары, мониторинг материалдары және жеке даму карталары зерделеніп, олардың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкестігі қамтамасыз етілді.

1. Қазақстан Республикасы және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 11,12 қосымшалар. ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.06.2024 № 161 бұйрығына 11,12 қосымшалар - оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары;

2. Қазақстан Республикасы және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 16, 17 қосымшалар.ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.2022 № 412 бұйрығына 16, 17 қосымшылар - оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспары;

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 21, 22, 24-қосымшалар, ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 18.08.2023жылғы № 264 бұйрығына 21, 22, 24 қосымшылар - оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен);

4. ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығына 55-57 қосымшылар-оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі, жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспары білім беретін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарлары бойынша жасалды.

Бастауыш білім берудің оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (1 «А», 1 «Ә», 1 «Б», 2 «А», 2 «Ә», 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә», 4 «Б») сыныптары, оқыту орыс тілінде жүргізілетін (1 «В», 2 «В», 3 «В», 3 «Г», 4 «В», 4 «Г») сыныптары үшін инварианттық компонентке оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға барлығы 259,5, орыс тілінде жүргізілетін сыныптарға барлығы 165,5 апталық сағат бөлінген. Вариативтік компонентке оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 24 сағат, оның ішінде таңдауы бойынша сабақтарға 13 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 11 сағат, ал оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін 9 сағат, оның ішінде таңдауы бойынша сабақтарға 2 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 7 сағат бөлінген Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бірінші сыныптар үшін 19,5 (20,5) сағаттан, екінші сыныптар үшін 24 (24) сағаттан, үшінші 26 (26) және төртінші сыныптар үшін 26 (27) сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 262,5 (174,5) сағат.

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (5 «А», 5 «Ә»,

Жоспарлау және басқару	Жылдық тәрбие жоспары, сынып жетекшілер жоспарлары, мектепішілік бақылау, бағыттық жоспарлардың орындалуы	жоспар, бұйрық, МІБ анықтамасы
Құндылықтарға негізделген тәрбие	Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, айлық бағыттар, сынып және жалпы мектептік жұмыстар	анықтама, хаттама, фото/бейне, жарияланым
Құқық бұзушылық профилактикасы	Сабаққа қатысу, профилактика кеңесі, жеке сүйемелдеу, полиция және өзге органдармен бірлескен жұмыс	жеке жоспар, кездесу материалдары
Қауіпсіздік және буллингтің алдын алу	Буллинг/кибербуллинг, зорлық-зомбылық, цифрлық, жол және өмір қауіпсіздігі	нұсқама, анықтама
Ата-аналармен серіктестік	Ата-аналарды педагогикалық қолдау, Аналар/Әкелер мектебі, жиналыс, тренинг, кеңес	жоспар, хаттама
Оқушылардың өзін-өзі басқаруы	Мектеп парламенті, президент сайлауы, дебат, еріктілік және оқушы бастамалары	хаттама
Қосымша білім және бос уақыт	Үйірме, секция, спорт, шығармашылық, дебат және сыртқы қосымша біліммен қамту	үйірме тізімі, кесте, қатысу/қамту есебі
Әлеуметтік-психологиялық қолдау	Әлеуметтік паспорт, осал санаттар, психологиялық сүйемелдеу және жеке қолдау	әлеуметтік паспорт, жеке жұмыс құжаттары


Тәрбие процесіндегі белсенділік көрсеткіштері (өзін-өзі бағалау деректері)

Оқу жылы	Оқушы белсенділігі	Ата-ана белсенділігі
2024–2025	85%	75%
2025–2026	90%	85%
2026–2027	92%	90%

Ата-ана белсенділігі (%)



Оқушы белсенділігі (%)



Тәрбие жұмысы аясындағы іс-шаралардың сандық көрсеткіштері

Іс-шара түрі	2024 - 2025	2025 - 2026	2026 -2027
Мерекелік іс-шаралар	18	24	35
Сынып сағаттары	5100	4998	5000
Кездесулер	18	21	25
Экскурсиялар	9	12	25
Жарыстар	43	83	102
Акциялар	12	18	21
Жиналыстар	8	17	25
Жобалар	13	20	20
Байқаулар	22	25	35
Дебат	21	25	25
Семинарлар	23	31	30
Челленджер	36	56	60
Барлығы	5380	5416	5484



Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруіне және танымдық міндеттерді шешуге, ұлттық салт-дәстүрлерді, мәдениетті меңгеруге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын жүзеге асыру

М.Сужиков атындағы №6 орта мектебінде тәрбие жұмысы білім алушының тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге, оның жаңа білімді саналы түрде қабылдап, өмірлік тәжірибеде қолдануына, ұлттық

	және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруіне бағытталған біртұтас жүйе ретінде ұйымдастырылды. Тәрбие мазмұны мектептің бекітілген жылдық тәрбие жоспарлары, сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарлары және бағыттық жоспарлар арқылы жүзеге асырылды. Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруіне және танымдық міндеттерді шешуіне жағдай жасау тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі болды. Осы мақсатта тәрбие сағаттары дәстүрлі ақпарат берумен ғана шектелмей, білім алушыны ойлануға, өз пікірін білдіруге, мәселені талдауға, дәлел келтіруге, шешім қабылдауға және алған білімін күнделікті өмірлік жағдаяттармен байланыстыруға бағытталды. Зияткерлік ойындар, дебаттар, «Ұшқыр ой алаңы», Startup бағытындағы жұмыстар, шығармашылық және зерттеушілік тапсырмалар, кездесулер, жобалар мен байқаулар білім алушылардың танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, ізденімпаздығын және дербес шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал етті. Ұлттық салт-дәстүрлерді және мәдениетті меңгеру бағытындағы тәрбие жұмысы білім алушылардың ұлттық болмысын, тарихи санасын және мәдени мұраға құрметін қалыптастырумен сабақтастырылды. Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер, Наурыз мерекесі, «Күй күмбірі», ұлттық ойындар, тоғызқұмалақ, бес асық, ұлттық өнер мен қолөнер, салт-дәстүрлерді дәріптеуге арналған танымдық және шығармашылық жұмыстар жүйелі ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар арқылы білім алушылар ұлттық мәдениетті тек танымдық ақпарат ретінде қабылдап қана қоймай, оның мазмұнын практикалық әрекет, шығармашылық жұмыс және ұлттық ойындар арқылы меңгеруге мүмкіндік алды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды дарыту бағытында адалдық, әділдік, жауапкершілік, мейірімділік, сыйластық, бірлік, ынтымақ, еңбекқорлық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық, достық және өзара көмек қағидаттары тәрбие жұмысының мазмұнына кіріктірілді. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар, қайырымдылық және еріктілік бастамалары, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қарттарға құрмет, табиғатқа қамқорлық, қоғамдық мүлікке жауапты қатынас және қауіпсіз мінез-құлық тақырыптарындағы жұмыстар білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталды. ***Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін қамтамасыз ететін сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру*** Рухани-адамгершілік тәрбие білім алушының ішкі мәдениетін, адамгершілік ұстанымын және қоршаған ортаға жауапты қарым-қатынасын қалыптастыруға негізделді.Тәрбие жұмыстары барысында өзара құрмет, әдептілік, қамқорлық, жауапкершілік, ар-ұят, адалдық және отбасылық құндылықтардың маңызы жүйелі түсіндіріліп, білім алушыларды ізгі әрекетке, жағымды қарым-қатынас орнатуға және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеуге басымдық берілді. Азаматтық-патриоттық тәрбие білім алушылардың Отанға, туған жерге, мемлекеттік рәміздерге,		

	ел тарихына және Тәуелсіздік құндылықтарына құрметін қалыптастыруға бағытталды. Республика күні, Тәуелсіздік күні, Отан қорғаушылар күні, Жеңіс күні және басқа да мемлекеттік, тарихи маңызы бар күндер аясында сынып сағаттары, кездесулер, патриоттық акциялар, шығармашылық жұмыстар, әскери-патриоттық және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Жас сарбаз» бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар да білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін, тәртіптілігін және отансүйгіштік қасиеттерін дамытуға ықпал етті. Білім алушылардың сабақтан тыс уақытын мазмұнды ұйымдастыру мақсатында мектепте үйірмелер, спорттық секциялар, шығармашылық бірлестіктер, ұлттық спорт, дебат, мектеп парламенті, жарыстар, байқаулар және өзге де қосымша білім беру бағыттары ұйымдастырылды. Сыныптан тыс қызмет білім алушылардың қызығушылығы мен қабілетін анықтауға, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін дамытуға, дене белсенділігін арттыруға, ұлттық спорт пен мәдени мұраға қызығушылығын қалыптастыруға бағытталды.		
25	**Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркем-эстетика-лық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сыныптан тыс қыз-меттің әртүрлі нысандарын (үйірмелер, секциялар, іс-шаралар) ұйымдастыру** М.Сужиков атындағы №6 орта мектебінде білім алушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру, жеке қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту, рухани-адамгершілік қасиеттерін, азаматтық жауапкершілігін, отансүйгіштік сезімін, шығармашылық белсенділігін, еңбек мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында **үйірмелер, спорттық секциялар, шығармашылық және зияткерлік бірлестіктер, дебаттар, ұлттық ойындар, жарыстар, байқаулар, акциялар, жобалар және жалпы мектептік тәрбиелік іс-шаралар** жүйелі түрде ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мектептің жылдық тәрбие жоспары, қосымша білім беру бағыттары, үйірмелер мен спорттық секциялардың бекітілген кестелері негізінде жүзеге асырылды. Жұмыстарды ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері, қызығушылықтары, шығармашылық және спорттық қабілеттері ескеріліп, олардың мектеп өміріне белсенді қатысуына жағдай жасалды. **Үйірме жұмыстары** білім алушылардың шығармашылық, көркемдік-эстетикалық, патриоттық және практикалық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Мектепте **«Ән үйірмесі», «Жас сарбаз», «Шебер қолдар»**, мектеп театры, дебат және басқа шығармашылық-зияткерлік бағыттағы жұмыстар жүргізілді. Үш оқу жылы бойынша «Ән үйірмесіне» – **20**, «Жас сарбазға» – **20**, «Шебер қолдар» үйірмесіне – **30** білім алушыдан қамтылып, аталған үйірмелердегі жалпы қамту әр оқу жылында **70 білім алушыны** құрады. «Ән үйірмесі» білім алушылардың музыкалық қабілеті мен эстетикалық талғамын дамытуға, ұлттық және заманауи өнерге қызығушылығын арттыруға бағытталса, **«Шебер қолдар»** үйірмесінде шығармашылық еңбек, қолөнер, ұқыптылық пен еңбексүйгіштік қасиеттерін дамытуға басымдық	білім алушылардың руха-ни-адамгершілік, азамат-тық-патриоттық, көркем-дік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін қамта-масыз ететін сыныптан тыс қызметтің әртүрлі ны-сандарын (үйірмелер, сек-циялар, іс-шаралар) ұйым-дастыру	5
		сыныптан тыс қызмет ұй-ымдастырылған; бағыттар қамтамасыз етілген; білім алушылардың қатысуы расталған; рәсімдеуге немесе тіркеуге қойыла-тын талаптардың бұзылуы анықталған	4
		жекелеген нысандар ұйым-дастырылған; бағыттар-дың бір бөлігі қамтамасыз етілмеген немесе білім алушылардың қатысуы расталмаған	3
		сыныптан тыс қызмет ұй-ымдастырылмаған немесе білім алушылардың қаты-суы қамтамасыз етілмеген	2

берілді. **«Жас сарбаз»** бағыты білім алушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін күшейтуге, тәртіптілік, жауапкершілік, елге қызмет ету және Отанды қорғауға қундылықтарын қалыптастыруға бағытталды.

Дене тәрбиесі және спорттық-сауықтыру жұмыстары волейбол, тоғызқұмалақ, бес асық, шахмат және ұлттық спорт түрлері арқылы жүзеге асырылды. Спорттық секциялар білім алушылардың денсаулығын нығайтуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға, төзімділік, тәртіптілік, командалық әрекет пен мақсатқа ұмтылу қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Үш жылдық көрсеткіш бойынша 2024–2025 оқу жылында **4 спорттық секция**, 2025–2026 оқу жылында **10 секция**, 2026–2027 оқу жылында **5 секция** жұмыс жүргізді.

Ұлттық тәрбие мен дене тәрбиесін өзара сабақтастыру мақсатында **тоғызқұмалақ, бес асық және ұлттық ойындарға** ерекше мән берілді. Бұл жұмыстар білім алушылардың дене белсенділігін арттырумен қатар, ұлттық спорт түрлерін меңгеруіне, халқымыздың мәдени мұрасы мен дәстүрлеріне құрметпен қарауына ықпал етті.

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие сыныптан тыс іс-шаралардың мазмұнымен жүйелі сабақтастырылды. Осы бағытта **«Тәуелсіздік – ел бақыты», «Көк тудың желбірегені», «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», «Қарттарым – асыл қазынам», «Алғыс айту парызым», «Білімім – Отаныма!»**, Республика күні, Тәуелсіздік күні, Отан қорғаушылар күні мен Жеңіс күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған жұмыстар білім алушылардың тарихи санасын, ел мен жерге құрметін, азаматтық жауапкершілігін және отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға бағытталды.

Көркемдік-эстетикалық бағытта мектеп театры, ән үйірмесі, шығармашылық көрмелер, әдеби-музыкалық кештер, байқаулар, ұлттық өнерді дәріптейтін жұмыстар және **«Күй күмбірі»** жобасы жүзеге асырылды. Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді дәріптеу Наурыз мерекесі, ұлттық ойындар, домбыра, қолөнер және шығармашылық жұмыстармен толықтырылды.

Еңбек тәрбиесі бағытында **«Еңбек түбі – береке»**, қоғамдық пайдалы еңбек, экологиялық және тазалық акциялары, кәсіптік бағдар, мамандықтармен таныстыру және шығармашылық еңбек жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар білім алушылардың еңбекке құрметпен қарауына, бастаған ісіне жауапкершілік танытуына және болашақ кәсіби бағытын саналы таңдауға ықпал етті.

Білім алушылардың зияткерлік және әлеуметтік белсенділігін арттыру мақсатында **«Ұшқыр ой алаңы» дебаттары, Startup бағытындағы жұмыстар, мектеп парламенті, шығармашылық жобалар, байқаулар, жарыстар, челленджер және еріктілік бастамалары** жүзеге асырылды. Сыныптан тыс жұмыстардың мұндай әртүрлі нысандары білім алушыға өз қабілетін танытуға, бастама көтеруге, топпен жұмыс істеуге, пікірін дәлелдеуге және мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласуға мүмкіндік берді.

2024–2025 оқу жылындағы секция жұмысының кестесі

Р/с	Секция	Секция	Сыныпта	Күні	Өткізілетін	Уақыты

	жетекшісі	атауы	р		орны	
1	Әбдірахым М.Ж.	Волейбол (қыздар)	8–11	Сенбі	Спорт зал	10:00–13:00
2	Сейітжанова Ж.М.	Волейбол (ұлдар)	9–11	Сенбі	Спорт зал	10:00–13:00
3	Байсалов А.Ж.	Бес асық	7–9	Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі	Кіші спорт зал	13:00–14:00
4	Амангелді Р.Ж.	Тоғызқұмалақ	2–4	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	Тоғызқұмалақ кабинеті	12:00–13:30

2025–2026 оқу жылындағы секция жұмысының кестесі

Р/с	Секция жетекшісі	Секция атауы	Сыныптар	Күні	Өткізілетін орны	Уақыты
1	Адилов А.А.	Волейбол (ұл, қыз)	5–8	Сенбі	Спорт зал	09:00–12:00
2	Аманкелді Р.Ж.	Тоғызқұмалақ	1–4	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	Сынып	11:30–13:30
3	Ахметова С.А.	Бес асық	1–2	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	Кіші спорт зал	12:00–13:00
4	Әбдірахым М.Ж.	Волейбол (қыздар)	9–11	Сенбі	Спорт зал	12:00–15:00
5	Байсалов А.Ж.	Бес асық	5–7; 8–11	Дүйсенбі, сәрсенбі	Кіші спорт зал	12:30–14:00; 14:00–15:30
6	Даужігітов Т.Т.	Шахмат	5–7	Сәрсенбі, бейсенбі	Сынып	09:00–10:30
7	Нартай А.Е.	Бес асық	3–4	Сәрсенбі, бейсенбі, жұма	Кіші спорт зал	12:00–13:00; 13:00–14:00
8	Сейітжанова	Волейбол	9–11	Сенбі	Спорт зал	15:00–

	Ж.М.	(ұлдар)				18:00
9	Тулеева М.К.	Тоғызқұмалақ	8–11	Бейсенбі, жұма	Сынып	14:00–15:30
10	Ундербаев А.С.	Шахмат	8–11	Дүйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі	Сынып	14:00–15:00

2026–2027 оқу жылындағы секция жұмысының кестесі

Рр/с	**Секция жетекшісі**	**Секция атауы**	**Сыныптар**	**Күні**	**Өткізілетін орны**	**Уақыты**
1	Адилов А.	Волейбол	7–9	Сенбі	Спорт зал	10:00–13:00
2	Аманкелді Р.	Тоғызқұмалақ	2–4	Дүйсенбі, сәрсенбі	Сынып	12:00–13:30
3	Ахметова С.	Бес асық	2–3	Сәрсенбі, жұма	Кіші спорт зал	12:00–13:30
4	Байсалов А.	Бес асық	3–9	Сейсенбі, сәрсенбі, жұма	Кіші спорт зал	13:00
5	Сейітжанова Ж.	Волейбол (қыздар)	5–7	Сенбі	Спорт зал	13:00–16:00

Қосымша үйірмелер бойынша қамту

Р/с	Үйірме атауы	2024–2025 / 2025–2026 / 2026–2027
1	Ән үйірмесі	20 / 20 / 20
2	Жас сарбаз	20 / 20 / 20
3	Шебер қолдар	30 / 30 / 30
	Барлығы	70 / 70 / 70

Үш оқу жылы бойынша секциялар санындинамикасы

Бағыт	**2024–2025**	**2025–2026**	**2026–2027**
Спорттық секциялар саны	4	10	5
Ән үйірмесі	20	20	20
Жас сарбаз	20	20	20
Шебер қолдар	30	30	30

Қосымша үйірмелермен жалпы қамту	70	70	70

2024–2025 оқу жылында оқушылардың сыртқы үйірмелерге қамтылуы туралы мәлімет

№	Сыртқы үйірме / ұйым атауы	Бала саны
1	«Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»	26
2	«Оқушылар мен жасөспірімдер үйі»	5
3	«Өнер мектебі»	16
4	Өнер би мектебі «Алекс»	2
5	Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының облыстық олимпиадалық резерв орталығы	3
6	«Қайсар» футбол мектебі	4
7	«Мұз айдыны»	3
8	«Тарлан» бокс орталығы	12
9	«Қажымұқан» спорт клубы	8
10	«Сейхун» гандбол клубы	5
11	«Достық» оқу орталығы	20
12	«Юстади» оқу орталығы	20
13	Өзге де жеке оқу орталықтары («Зерде», «Мирас», «Меридиан», «Ғибрат» және т.б.)	15
14	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ шахмат мектебі	3
15	Тәжібаев кітапханасы сурет үйірмесі	2

2025–2026 оқу жылында оқушылардың сыртқы үйірмелерге қамтылуы туралы мәлімет

№	Сыртқы үйірме / ұйым атауы	Бала саны
1	«Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы»	28
2	«Оқушылар мен жасөспірімдер үйі»	6
3	«Өнер мектебі»	17
4	Өнер би мектебі «Алекс»	3
5	Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының облыстық олимпиадалық резерв орталығы	4
6	«Қайсар» футбол мектебі	5

		7	«Мұз айдыны»	3	
		8	«Тарлан» бокс орталығы	13	
		9	«Қажымұқан» спорт клубы	9	
		10	«Сейхун» гандбол клубы	6	
		11	«Достық» оқу орталығы	21	
		12	«Юстади» оқу орталығы	22	
		13	Өзге де жеке оқу орталықтары («Зерде», «Мирас», «Меридиан», «Ғибрат» және т.б.)	16	
		14	Қорқыт Ата атындағы ҚМУ шахмат мектебі	4	
		15	Тәжібаев кітапханасы сурет үйірмесі	3	

Мектепте сабақтан тыс қызмет бірнеше бағытта тұрақты ұйымдастырылып, білім алушылардың спорттық, шығармашылық, зияткерлік және қоғамдық белсенділігін дамытуға жағдай жасалды. Ұлттық спорт түрлерінің жүргізілуі тәрбие мазмұнын ұлттық құндылықтармен сабақтастырды.

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиеге арналған кездесулермен, көркемдік-эстетикалық бағыттағы шығармашылық байқаулармен, еңбек және кәсіптік бағдар жұмыстарымен, ұлттық және бұқаралық спорт түрлерімен толықтырылды. Оқушылардың жарыстарға, байқауларға және жобаларға қатысуы сабақтан тыс қызметтің нәтижелік бөлігін құрады.

26	**Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау жө-ніндегі талаптардың сақталуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13227 болып тіркелген) үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы** Мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығы тәрбие процесінің тұрақты бағыты ретінде ұйымдастырылды. Ата-аналармен жұмыс жалпы мектептік және сыныптық ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыстары, Әкелер кеңесі, Аналар мектебі, Аталар және Әжелер мектебі, тренингтер мен профилактикалық кездесулер арқылы жүзеге асырылды. Ата-аналармен жүргізілген жұмыстарда баланың тәрбиесі мен қауіпсіздігі, сабаққа қатысуы, құқықтық жауапкершілігі, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, зиянды әдеттерден қорғау, цифрлық қауіпсіздік, отбасылық құндылықтар және ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі қамтылды. Мектеп пен отбасының ортақ талаптарын қалыптастыру, баланың жас ерекшелігін ескере отырып қолдау көрсету және кері байланысты тұрақтандыру негізгі міндеттердің бірі болды. **Оқу жылы** | **Оқушы** | **Ата-ана**	ата-аналармен өзара іс-қи-мыл жүйелі негізде ұйым-дастырылған және жүзеге асырылады; әртүрлі жұ-мыс нысандары өткізіледі; ата-аналардың қатысуы мен өзара іс-қимыл нәти-желері құжаттамада көрсе-тілген	5
		ата-аналармен өзара іс-қи-мыл жүзеге асырылады; жұмыс нысандары іске асырылады; рәсімдеуге немесе тіркеуге қойыла-тын талаптардың бұзылуы анықталған	4
		өзара іс-қимылдың жекеле-ген нысандары өткізіледі; жүйелілік жоқ немесе ата-аналардың қатысуы рас-талмаған	3
		ата-аналармен өзара іс-қи-мыл ұйымдастырылмаған	2

	белсенділігі	белсенділігі
2024–2025	85%	75%
2025–2026	90%	85%
2026–2027	92%	90%

Үш жылдық өзін-өзі бағалау деректерінде ата-ана белсенділігі 75%-дан 90%-ға дейін өскен. Бұл көрсеткіш ата-аналарды тәрбие процесіне тарту, жиналыстар, педагогикалық қолдау және бірлескен профилактикалық жұмыстардың жүйеленуімен сабақтас қарастырылады.

Білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы және оларды тіркеу тәртібі ата-анамен құқықтық өзара іс-қимылдың құжаттық негізін құрайды. Шарттар мен шарттарды тіркеу журналы тұрақты түрде іске асырылып келеді.

Мектеп–ата-ана серіктестігі тәрбие жұмысының тұрақты тетігі ретінде қалыптасып, білім алушының тәрбиесі, қауіпсіздігі және әл-ауқатына қатысты мәселелерді бірлесіп шешуге бағытталды.

27

Білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған профилактикалық жұмыстың жүргізілуі

Білім алушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында профилактикалық жұмыс кешенді түрде жүргізілді. Негізгі бағыттар: құқық бұзушылықтың алдын алу, Профилактика кеңесінің қызметі, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол, өрт, су және терезе қауіпсіздігі, интернет қауіпсіздігі, зиянды әдеттер, вейп, есірткі және психобелсенді заттардың алдын алу, «Наркобекет», лудомания, сабаққа қатысуды бақылау, полиция және медицина мамандарымен ведомствоаралық жұмыс.

Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы жалпы түсіндіру шараларымен шектелмей, мектепішілік есептегі білім алушылармен жеке профилактикалық жоспар, сабаққа қатысуды бақылау, ата-анамен жедел байланыс, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, педагог-психолог және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылды. Мектепішілік есепте 2024–2025 оқу жылында 5, 2025–2026 оқу жылында 2, 2026–2027 оқу жылының есептік кезеңінде 3 білім алушы көрсетілген. Бұл көрсеткіштер құқық бұзушылықтың жалпы статистикасы емес, мектепішілік есепте тұрған білім алушылар саны ретінде қарастырылады.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және жеке профилактикалық сүйемелдеу

Оқу жылы	Мектепішілік есеп	Негізгі бақылау
2024–2025	5 оқушы	жеке жоспар, сабаққа қатысу, ата-анамен жұмыс
2025–2026	2 оқушы	сабаққа қатысу, консультация, инспектормен кездесу
2026–2027	3 оқушы	сабаққа қатысу, ата-анамен және сынып

профилактикалық жұмыс ұйымдастырылған және бі-лім беру процесінің бар-лық қатысушылары тара-пынан жүйелі түрде жүргі-зіледі; іс-шаралар білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтама-сыз етуге бағытталған; нәтижелері құжаттамада көрсетілген	5
профилактикалық жұмыс жүргізіледі; педагог қыз-меткерлердің қатысуы қам-тамасыз етілген; рәсімдеу-ге немесе тіркеуге қойыла-тын талаптардың бұзылуы анықталған	4
жекелеген іс-шаралар өткі-зіледі; педагог қызметкер-лердің қатысуы толық көлемде қамтамасыз етілме-ген немесе нәтижелері көр-сетілмеген	3
профилактикалық жұмыс ұйымдастырылмаған	2

		жетекшімен байланыс

Профилактикалық жұмыстың мазмұны әр білім алушыға жеке сүйемелдеу жүргізуге, сабаққа қатысуды бақылауға, ата-анамен тұрақты байланыс орнатуға және қажет болған жағдайда құқық қорғау органдары мамандарын тартуға негізделген. Мектепішілік есеп көрсеткіші жеке профилактикалық жұмыстың көлемін сипаттайды және оны құқық бұзушылықтың жалпы деңгейімен тікелей теңестіруге болмайды.

Профилактикалық бағыт	Негізгі мазмұны	Растайтын құжат
Құқық бұзушылықтың алдын алу	Профилактика кеңесі, жеке сүйемелдеу, полициямен кездесу, сабаққа қатысу	Жоспар, хаттама, анықтама
Буллинг/кибербуллинг	Белгілерін тану, көмек сұрау алгоритмі, сенім арналары, ата-анамен жұмыс	Жылдық жоспары, анықтама, ақпараттық материал
Қауіпсіздік	Жол, өрт, су, терезе, төтенше жағдай, демалыс кезіндегі қауіпсіздік	Жылдық жоспар, анықтама, ақпараттық материал
Зиянды әдеттер	Вейп, есірткі, Наркобекет, медицина және сала мамандарымен кездесу	Жоспар, кездесу хаттамасы, ақпараттық материал
Лудомания және цифрлық тәуекел	Құмар ойын, интернет/компьютерлік ойын тәуелділігі, қаржылық сауаттылық	Жоспар, түсіндіру материалы, ақпараттық материал

Буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың алдын алу

Мектепте буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмысы ақпараттық түсіндірумен қатар психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сенім арналары туралы хабардар ету, ата-аналарға жадынама тарату, сауалнама мен диагностика жүргізу, қажет болған жағдайда жеке сүйемелдеу және Профилактика кеңесінде қарау арқылы ұйымдастырылады. 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарының жоспарларында «Буллингтен қорған», «Буллингтен қалай қорғану керек?», қауіпсіз интернет, цифрлық қауіпсіздік, әлімжеттік пен бопсалаудың алдын алу тақырыптары жүйелі қамтылған.

№506 бұйрық талаптарына сәйкес буллинг туралы ақпарат келіп түскен жағдайда жауапты тұлға оны есепке алып, білім беру ұйымының басшысына жеткізеді; директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары сынып жетекшісі және психологиялық қызметпен бірлесіп мән-жайды анықтайды, ал медиативтік шешім болмаған жағдайда материал Профилактика кеңесіне шығарылады. Сондықтан мектептің дәлелдемелік базасында өтініш/ақпаратты тіркеу, түсініктемелер, психологиялық жұмыс, кеңес хаттамасы және қабылданған шаралар өзара сабақтас сақталуы қажет.

Қауіпсіздік мәдениеті және зиянды әдеттердің алдын алу

Қауіпсіздік бағыты жол қозғалысы, өрт, су, терезе, қоғамдық орын, демалыс кезіндегі қауіпсіздік, интернеттегі жеке қауіпсіздік және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет алгоритмдерін қамтиды. «Қауіпсіз мектеп», «Қауіпсіз терезе», жол белгілері мен қауіпсіз маршрут, демалыс алдындағы нұсқама және жеке қауіпсіздік сабақтары білім алушылардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылған.

Зиянды әдеттердің алдын алу аясында электрондық темекі мен вейп, есірткі және психобелсенді заттар, лудомания, интернет/компьютерлік ойын тәуелділігі бойынша түсіндіру, ақпараттық сағат, мамандармен кездесу, сауалнама және ата-аналармен жұмыс жүргізілген. Бұл бағыттағы нәтижелерді бағалауда өткізілген іс-шара саны ғана емес, тәуекелді мінез-құлықты ерте анықтау, көмекке жүгіну алгоритмін білу және қайталама тәуекелдердің алдын алу ескеріледі.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы, дебат, еріктілік және азаматтық белсенділік

Мектеп парламенті, президент сайлауы, фракциялар жұмысы, өзін-өзі басқару күні, «Ұшқыр ой алаңы» дебаты, еріктілік акциялары және оқушы бастамалары білім алушылардың көшбасшылық, коммуникация, сыни ойлау, ортақ шешім қабылдау және қоғамдық жауапкершілік дағдыларын дамытуға бағытталған. 2024–2025 оқу жылында Парламент ұйымын қайта құру және президент сайлауы өткізілген; 2025–2026 оқу жылында бұл жұмыс «Адал азамат» құндылықтарымен сабақтастырылған; 2026–2027 оқу жылында парламент сайлауы мен фракциялар жұмысын бекіту қыркүйек айының негізгі ұйымдастырушылық міндеттерінің бірі ретінде белгіленген.

Ұлттық мәдениет, патриоттық тәрбие, кітап оқу және шығармашылық бағыт

Ұлттық мәдениет пен патриоттық тәрбие Тілдер күні, Республика күні, Тәуелсіздік күні, Алғыс айту күні, Наурыз, Отан қорғаушылар және Жеңіс күні, «Күй күмбірі», мектеп театры, өлкетану, ақындар мұрасы және кітап оқу жобалары арқылы іске асырылды. Іс-шаралардың мазмұнында тарихи сана, мемлекеттік рәміздерге құрмет, ұлттық өнер, тіл, салт-дәстүр, ұрпақ сабақтастығы және елге қызмет ету идеялары өзара байланыста қарастырылды.

«Оқуға құштар мектеп», кітап оқу челленджері, кітапхана жұмыстары, дебат пен әдеби-шығармашылық іс-шаралар білім алушылардың оқу мәдениетін, сөздік қорын, пікір білдіру және дәлелдеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Мектеп театры мен шығармашылық жұмыстар эстетикалық талғамды, сахналық мәдениетті және ұжымдық жауапкершілікті дамыту құралы ретінде қолданылған.

Әлеуметтік-психологиялық қолдау және тәуекел тобындағы білім алушылармен жұмыс

Әлеуметтік-психологиялық қолдау әлеуметтік паспортты жаңарту, тәуекел картасын қалыптастыру, білім алушының сабаққа қатысуын, отбасылық жағдайын және мінез-құлық тәуекелдерін бақылау, педагог-психолог пен әлеуметтік педагогтің жеке жұмысын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда сынып жетекшісі, ата-ана, мектеп әкімшілігі және құқық қорғау органдарының өкілдерімен бірлескен сүйемелдеу жүргізіледі.

2026–2027 оқу жылында әлеуметтік паспорт пен тәуекел картасын қыркүйек айында өзектендіру жеке міндет ретінде белгіленген. Бұл деректер профилактикалық жұмыстың нысаналы топтарын

анықтауға, үйірме-секциямен қамтуды жоспарлауға және ата-анамен жеке жұмысты ұйымдастыруға негіз болады.

Тәрбие процесіндегі белсенділік және сандық көрсеткіштер

Оқу жылы	Оқушы белсенділігі	Ата-ана белсенділігі
2024–2025	85%	75%
2025–2026	90%	85%
2026–2027	92%	90%

Құжатта тәрбие жұмысы аясындағы іс-шаралардың жиынтық саны 2024–2025 оқу жылында 5380, 2025–2026 оқу жылында 5416, 2026–2027 оқу жылында 5484 деп көрсетілген. Алайда 2026–2027 оқу жылы аяқталмағандықтан, бұл сан нақты орындалған іс-шаралардың қорытынды саны ретінде емес, бастапқы құжатта берілген жоспарлық/жинақталған көрсеткіш ретінде ғана қарастырылуы тиіс. Комиссияға ұсынылатын соңғы нұсқада ол тек бастапқы журналдар мен есептер арқылы расталған жағдайда сақталады.

Мектепішілік бақылау

Тәрбие жұмысының орындалуы мектепішілік бақылау жоспары арқылы қадағаланады. Бақылау объектілеріне жылдық және сыныптық тәрбие жоспарларының орындалуы, қауіпсіздік нұсқамалары, сабаққа қатысу, құқық бұзушылық профилактикасы, ата-аналармен жұмыс, үйірме-секциямен қамту, әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу, оқушылардың өзін-өзі басқаруы және ресми ақпараттық ресурстарда жарияланған жұмыстар жатады.

Әр бағыт бойынша дәлелдемелік пакетке жоспар, бұйрық немесе негіз хат, хаттама/анықтама, қатысу немесе қамту дерегі, мониторинг/сауалнама, фото-бейнематериал және ресми жарияланым сілтемесі енгізіледі. Сандық көрсеткіштер бастапқы журналдармен және есептермен расталған жағдайда ғана пайыздық немесе абсолюттік көрсеткіш ретінде беріледі. Бұл тәсіл өзін-өзі бағалау материалында расталмаған мәліметтердің қолданылуына жол бермейді.

Үш оқу жылы бойынша салыстырмалы талдау

Көрсеткіш	2024–2025	2025–2026	2026–2027
Контингент	893 / 47 сынып	817 / 43 сынып	802 / 41 сынып
Бағдарламалық негіз	«Біртұтас тәрбие»	«Адал азамат»	«Адал азамат», қолданыстағы редакция

Мектепішілік есеп	5 оқушы	2 оқушы	3 оқушы
Спорттық секциялар	4	10	5
Қосымша үйірмелердегі көрсетілген қамту	70	70	70
Оқушы белсенділігі	85%	90%	92%
Ата-ана белсенділігі	75%	85%	90%

Салыстырмалы деректер тәрбие жұмысының негізгі бағыттары үш оқу жылында сабақтастықпен сақталғанын көрсетеді: құндылықтарға негізделген тәрбие, құқықтық профилактика, қауіпсіздік, ата-анамен серіктестік, өзін-өзі басқару, қосымша білім және әлеуметтік-психологиялық қолдау. 2025–2026 оқу жылынан бастап бағдарламалық атау мен іске асыру тәсілдері «Адал азамат» мазмұнына сәйкестендірілген. 2026–2027 оқу жылында міндетті құжаттарды жүргізу талаптарының жаңартылуы жоспарлау мен дәлелдемелік рәсімдеуде ескерілген.

М. Сужиков атындағы №6 орта мектебінде 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында тәрбие жұмысы бекітілген жоспарлар мен бағдарламалық бағыттар негізінде жүйелі және сабақтастық қағидатында ұйымдастырылды. Тәрбие процесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, құқықтық, еңбек, көркемдік-эстетикалық және дене тәрбиесін қамтамасыз ету, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру негізгі басымдық ретінде айқындалды. П-14

Үш оқу жылы бойынша құқық бұзушылықтың, буллинг пен кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың және зиянды әдеттердің алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, ата-аналармен серіктестік, әлеуметтік-психологиялық қолдау, кәсіптік бағдар, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, дебат және еріктілік қызметі, үйірме-секциялық, спорттық және шығармашылық жұмыстар өзара байланыста жүзеге асырылды. Мектептің ата-аналармен, құқық қорғау органдарымен және мүдделі ұйымдармен бірлескен жұмысы білім алушылардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге, құқықтық мәдениеті мен жауапты мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталды.

Жүргізілген өзін-өзі бағалау тәрбие жұмысының негізгі бағыттары бойынша жүйелілік пен сабақтастықтың сақталғанын көрсетеді. Атқарылған жұмыстардың нәтижелілігі іс-шаралардың санымен ғана емес, білім алушылардың белсенділігі, жауапкершілігі, құндылықтық бағдары, құқықтық және қауіпсіз мінез-құлқы арқылы қарастырылып, жоспарлар, бұйрықтар, хаттамалар, анықтамалар, мониторинг нәтижелері, қамту көрсеткіштері, фото-бейнематериалдар және ресми жарияланымдармен негізделеді. 2026–2027 оқу жылы бойынша қорытынды көрсеткіштер оқу жылы аяқталғаннан кейін нақты орындалған жұмыстар мен мониторинг нәтижелері негізінде толықтырылады.

Қорытындылай келе, мектептегі тәрбие жүйесі білім алушының жан-жақты дамуына, ұлттық

	құндылықтарды құрметтеуіне, адалдықты, отаншылдықты, еңбекқорлықты, жауапкершілікті, заң мен тәртіпті өмірлік ұстаным ретінде қабылдауына бағытталған. Алдағы кезеңде де қалыптасқан тәжірибені жүйелі жетілдіру, мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту, қауіпсіз әрі қолайлы тәрбие ортасын қамтамасыз ету және елінің болашағына жауапкершілікпен қарайтын, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген Адал азамат тұлғасын қалыптастыру мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағдары болып қала береді.		
МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ӨЛШЕМШАРТТАР			
28	**Материалдық активтердің (ғимараттардың, үй-жайлардың) меншік құқығында, шару-ашылық жүргізу, жедел басқару, сенімгерлік басқару немесе жалдау құқығында бо-луы және олардың біліктілік талаптарына сәйкестігі** ***Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін сақтау*** «Қызылорда облысы білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің Мұхамедғали Сужиков атындағы №6 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша білім беру қызметін жүзеге асыруға қажетті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Мектептің білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар белгіленген тәртіппен жинақталған, жүйеленген және сақталған. Құжаттар білім беру ұйымының негізгі қызметіне сәйкес жеке папкаларға топтастырылып, қолданыстағы талаптарға сәйкес жүргізіледі. Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын құжаттар тізімі: 1. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы құжат – 2021 жылғы 22 қаңтар. (1-қосымша) 2. Ғимараттың техникалық паспорты – 2008 жылғы 11 ақпан. (2-қосымша) 3. Жер учаскесіне арналған акт – 2007 жылғы 29 қазан, №0139640. (3-қосымша) 4. Меншік иесі туралы мәліметтер – 2021 жылғы 29 қаңтар, №002204055244. (4-қосымша) 5. Кадастрлық нөмірі – 10-156-011-1014, тіркеу нөмірі – №0139640, Қызылорда қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 23 шілдедегі №575 қаулысы. (5-қосымша)	материалдық активтер (ғи-мараттар, үй-жайлар) заң-ды негізде рәсімделген (меншік, шаруашылық жүргізу, жедел немесе се-німгерлік басқару, жалға алу); құқық белгілейтін құ-жаттар жарамды	5
		материалдық активтер заң-ды негізде рәсімделген; құ-жаттарды рәсімдеуге неме-се олардың қолданылу мерзімдеріне қойылатын талаптардың бұзылуы анықталған	4
		материалдық активтер құқық белгілейтін құжатта-ры ішінара рәсімделген жағдайда пайдаланылады	3
		материалдық активтер құқық белгілейтін құжат-тарсыз пайдаланылады	2

6. Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды – 2016 жылғы 11 наурыз, №08.X.KZ31VBS00023438. (6-қосымша)

7. Өрт қауіпсіздігі саласындағы сәйкестікті растайтын акт – №194 тексеру нәтижелері туралы акт 2026 жыл 06 тамыз.

8. Медициналық қызметке лицензия – №18012956, 25.12.2024 ж.

9. Медициналық қызмет көрсету туралы келісімшарт – 24.09.2024–21.09.2029 жж.

10. Тамақтану объектісінің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы – 08.05.2019 ж., №N.08.H.KZ30VWF00005341.

11. Білім алушыларды тамақпен қамтамасыз ету туралы келісімшарт – № 260002, 2026 жыл 07 қаңтар.

12. Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау туралы шарт – №133289, 2026 жыл 26 мамыр.(Асхана мақсатында пайдалану үшін, 07.01.2026 бастап 31.12.2026 аралығында)

13. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету туралы келісімшарт – № 260009, 2026 жыл 23 қаңтар.

14. Күзет қызметін көрсету туралы келісімшарт – №260001, 2026 жыл 06 қаңтар.

15. Өрт дабыл жүйесіне техникалық қызмет көрсету туралы келісімшарт – № 260031, 2026 жыл 15 ақпан.

Ғимарат туралы мәліметтер (ғимарат түрі, салынған жылы, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу қажеттілігі және т.б.)

Мектеп типтік үш қабатты ғимаратта орналасқан. Ғимарат 2006 жылы салынған.
Жер учаскесінің ауданы – 9737,0 м².
Ғимараттың жалпы ауданы – 5656,0 м².
Жобалық қуаты – 430 оқушы орны.
Мектеп ғимаратында жалпы 136 үй-жай мен бөлме қарастырылған, оның ішінде 34 оқу кабинеті бар.

Мектеп ғимаратының мекенжайы Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің 23.05.2017 жылғы №5342 анықтамасына сәйкес Орынбай Жанәділов көшесі, 15-ғимарат болып белгіленген.

Ғимараттың техникалық жағдайы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға жарамды. Ғимаратта жылу, электрмен жабдықтау, сумен қамтамасыз ету, санитариялық тораптар және қауіпсіздік жүйелері жұмыс істейді.

Ғимараттың ағымдағы жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі.

2025 жылы мектепте жалпы сомасы 27 398,0 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2026 жылы жалпы сомасы 16 291,32 мың теңгеге ағымдағы жөндеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе сенімгерлік басқару, не кемінде 10 жыл мерзімге жалға алу құқығында тиесілі материалдық құндылықтардың болуы немесе пайдаланылуы туралы мәліметтер (кабинеттер, дәріс залдары, практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер мен мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және спорт залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы объектілер, өткізу пункттері, санитариялық тораптар (унитаздар, қолжуғыштар), білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдар үшін жағдайдың болуы, тұруға жағдайдың болуы)

Мектепте білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге қажетті материалдық-техникалық база қалыптастырылған және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда толыққанды пайдаланылуда. Мектеп ғимараты мен жер учаскесінің құқықтық және техникалық негіздері тиісті құжаттармен расталады. Әдістемелік ұсыным 9-қосымша

Мектептің заңды тұлға ретінде мемлекеттік қайта тіркелуі 2021 жылғы 22 қаңтардағы құжатпен, ғимараттың техникалық сипаттамалары 2008 жылғы 11 ақпандағы техникалық паспортпен, жер учаскесіне құқық 2007 жылғы 29 қазандағы №0139640 актімен расталады. Меншік иесі туралы мәліметтер 2021 жылғы 29 қаңтардағы №002204055244 құжатта көрсетілген. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі – 10-156-011-1014**,** тіркеу нөмірі – №0139640, құқықтық негізі – Қызылорда қаласының 2007 жылғы 23 шілдедегі №575 қаулысы**.**

Мектепте білім беру бағдарламаларын іске асыруға қажетті оқу кабинеттері, дәріс және практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар, технологиялық шеберханалар, акт және спорт залдары, кітапхана, әкімшілік, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы объектілер бар.

Кабинеттер мен дәріс сабақтарына арналған үй-жайлар бар. Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, математика, физика, химия, биология, информатика, ағылшын тілі,

	тарих, география, бастауыш сыныптар, бастапқы әскери дайындық және технология пәндеріне арналған оқу кабинеттері жұмыс істейді. Негізгі оқу кабинеттерінің аудандары: қазақ тілі мен әдебиеті – 63,8 м², орыс тілі мен әдебиеті – 55,0 м², математика – 52,8 м², физика – 66,6 м², химия – 57,8 м², биология – 63,8 м², информатика кабинеттері – 163,4 м², ағылшын тілі – 55,0 м², тарих – 62,7 м², география – 56,7 м², бастауыш сынып кабинеттері – 394,5 м², бастапқы әскери дайындық кабинеті – 56,7 м², технология пәні бойынша қыздарға арналған кабинет – 47,31 м², ұлдарға арналған кабинет – 79,8 м². Оқу кабинеттері білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу жиһаздарымен, оқу-әдістемелік құралдармен және техникалық құралдармен жабдықталған. **Оқу кабинеттері мен дәріс залдары.** Білім алушылардың оқу сабақтарын өткізуге арналған кабинеттер мен дәріс залдары қажетті жиһаздармен, тақталармен, оқу-әдістемелік материалдармен және техникалық құралдармен жабдықталған. Кабинеттердің жабдықталуы білім беру бағдарламалары бойынша сабақтарды тиісті деңгейде өткізуге мүмкіндік береді. **Практикалық сабақтарға арналған үй-жайлар, зертханалар және шеберханалар.** Мектепте білім алушылардың практикалық және зертханалық жұмыстарын орындауына қажетті физика, химия, биология және робототехника кабинеттері, сондай-ақ технология пәніне арналған шеберханалық кабинеттер қарастырылған. 2020 жылы физика кабинеті жаңа үлгідегі оқу-зертханалық жабдықтармен қамтамасыз етілген. 2023 жылы химия, биология және робототехника кабинеттері қажетті оқу-зертханалық және техникалық құралдармен жабдықталды. Химия кабинетінде зертханалық таразылар, электр қыздырғыштар, штативтер, реактивтер, химиялық ыдыстар, өлшеу құралдары, электрондық стендтер, интерактивті панель және компьютерлік техника бар. Биология кабинетінде гербарийлер, коллекциялар, микропрепараттар, муляждар, адам ағзасының модельдері, жануарлар қаңқалары, микроскоптар, зертханалық құралдар, биологиялық датчиктер, интерактивті панель және компьютерлік техника қарастырылған. Робототехника кабинетінде робототехникалық конструкторлар, LEGO Mindstorms Education EV3, micro, роботтар, 3D-принтерлер, модульдік станоктар, интерактивті панель, компьютер және арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар. Технология пәні бойынша қыздар мен ұлдарға арналған жеке кабинеттер практикалық сабақтарды өткізу үшін пайдаланылады. **Акт және спорт залдары.** Білім алушылардың мәдени-шығармашылық, тәрбиелік және спорттық іс-шараларын ұйымдастыруға қажетті акт және спорт залдары бар. Акт залының ауданы – 125,6 м². Негізгі спорт залының ауданы – 272,1 м², кіші спорт залының ауданы – 124,7 м². Мектеп аумағында футбол және баскетбол алаңдары орналасқан. Спорттық база футбол, баскетбол, волейбол, стол теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ және басқа да спорт түрлері бойынша қажетті құралдармен қамтамасыз етілген.		

Әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де мақсаттағы объектілер. Мектепте оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ететін әкімшілік кабинеттер, бухгалтерия, кітапхана, педагог-психолог кабинеті, логопед кабинеті, дефектолог кабинеті, медициналық пункт, инклюзияны қолдау кабинеті және басқа да қызметтік және әлеуметтік-тұрмыстық үй-жайлар қарастырылған.

Білім алушылардың жеке заттарын сақтау үшін киім шкафтары орналастырылған. 2025 жылы бастауыш сынып білім алушылары үшін 3 секциялы 33 дана киім шкафы сатып алынды. Спорт залдың киім ауыстыру бөлмелерінде қыздарға арналған 2 дана және ұлдарға арналған 2 дана киім ілетін шкаф бар.

Өткізу пункті. Мектепте білім алушылар мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мектеп ғимаратына кіруді бақылау мақсатында өткізу пункті ұйымдастырылған. Өткізу пункті 2 турникет бекетімен жабдықталған. Күзет қызметі 2026 жылғы 6 қаңтардағы №260001 келісімшарт негізінде жүзеге асырылады.

Санитарлық тораптар. Мектепте санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауға қажетті санитариялық тораптар бар. Санитариялық тораптарда 36 әжетхана нүктесі және 18 қолжуғыш раковина қарастырылған. Санитариялық тораптар жылы сумен қамтамасыз етілген.

2025 жылы мектептің 1, 2 және 3-қабаттарындағы санитариялық тораптарға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мектептің санитариялық жағдайы 2016 жылғы 11 наурыздағы №08.Х.KZ31VBS00023438 санитариялық-эпидемиологиялық қорытындымен расталады.

Іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Білім беру ұйымының үй-жайларында және іргелес аумағында бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Мектеп ғимараты мен аумағында барлығы 65 бейнебақылау камерасы бар, оның ішінде 44 камера ғимарат ішінде**,** 21 камера сыртқы аумақта орналасқан. 32 бейнебақылау камерасы Жедел басқару орталығына қосылған**.**

2026 жылы қауіпсіздікті күшейту мақсатында қосымша 17 бейнебақылау камерасы орнатылды. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету 2026 жылғы 23 қаңтардағы №260009 келісімшарт негізінде жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай. Мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыруға жағдай жасалған. Педагог-психолог, логопед, дефектолог кабинеттері және инклюзияны қолдау кабинеті жұмыс істейді. 2025 жылы инклюзияны қолдау кабинеті сатып алынып, арнайы құралдармен жабдықталды.

Мектепте пандус, тактильді тақтайшалар, тактильді бағыттаушы белгілер, көрнекі және ақпараттық белгілер, шақыру түймесі, ақпараттық тақтайшалар, арнайы маңдайша және навигациялық белгілер, санитариялық бөлмелердегі арнайы тұтқалар қарастырылған.

Бұл жағдайлар ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың мектеп ғимаратына кіруіне, қозғалуына және пайдалануына мүмкіндік береді.

Тұруға жағдай. Мектептің ұсынылған материалдық-техникалық базасы бойынша білім

	алушылардың тұруына арналған жатақхана немесе өзге де тұрғын үй объектісі қарастырылмаған. Мектеп күндізгі оқу режимінде жұмыс істейді.		
29	**Оқу кабинеттерінің, зертханалардың, шеберханалардың, спорт және акт залдарының, кітапхананың жабдықтармен, жиһазбен және оқу инфрақұрылымымен жарақтанды-рылуының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекет-тік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) мектепке дейінгі, орта білім беру ұй-ымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жа-рақтандыру нормаларына сәйкестігі** ***Білім беру ұйымдарының жабдықтармен, жиһазбен, оқу-зертханалық жабдықтармен және оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталуы туралы мәліметтер*** Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажетті оқу кабинеттері, зертханалар, технология кабинеттері, спорт және акт залдары, кітапхана, информатика кабинеттері және басқа да оқу инфрақұрылымы қалыптастырылған. Мектептің материалдық-техникалық базасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген нормалардың қолданыстағы редакциясына сәйкес кезең-кезеңімен жаңартылып отырады. **Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті – 63,8 м².** Кабинет 15 дана оқу парталарымен, 30 дана орындықтармен, 1- дана интерактивті панель, компьютермен, 2 дана шкафтармен, көрнекілік және дидактикалық материалдармен, оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталған. **Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті – 55,0 м².** Кабинет 15 дана оқу парталарымен, 30 дана орындықтармен, 1- дана интерактивті панель, компьютермен, 2 дана шкафтармен, пәнге қажетті көрнекілік және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген. **Математика кабинеті – 52,8 м².** Кабинет 15 дана оқу парталарымен, 30 дана орындықтармен, 1-дана интерактивті панель, компьютермен, 2 дана шкафтармен, математикалық көрнекіліктер, дидактикалық және оқу-әдістемелік материалдар бар. **Физика кабинеті – 66,6 м².** Кабинет 15 дана оқу парталарымен, 30 дана орындықтармен, 1- дана интерактивті панель, 2 дана шкафтармен, компьютермен, принтермен, зертханалық және демонстрациялық құралдармен қамтамасыз етілген. Механика, молекулалық физика, электр, магнетизм, электростатика және оптика бөлімдері бойынша зертханалық жабдықтар бар. Кабинет 2020 жылы жаңа модификацияланған оқу-зертханалық жабдықтармен толықтырылған. **Химия кабинеті – 57,8 м².** Кабинет оқу процесін ұйымдастыруға қажетті зертханалық жабдықтармен, компьютермен, жиһаздармен және оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етілген. Кабинетте химиялық ыдыстар, реактивтер, электронды және зертханалық таразылар,	жабдықталу деңгейі белгі-ленген нормалардың 90%-дан 100%-ға дейінін құрай-ды; білім беру процесін іс-ке асыруды қамтамасыз ететін міндетті элементтер бар	5
		жабдықталу деңгейі 80%-дан 89%-ға дейін; міндетті элементтерге жатпайтын жекелеген жабдықтар және (немесе) жиһаз түрле-рі жоқ	4
		жабдықталу деңгейі 70%-дан 79%-ға дейін; міндетті элементтер бар	3
		жабдықталу деңгейі белгі-ленген нормалардың 70%-дан төменін құрайды неме-се білім беру процесін іске асыруды қамтамасыз ете-тін міндетті элементтер жоқ	2

